

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
L.N. Gumilyov Eurasian National University



«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»

атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ
ФИНАНСОВО-БАНКОВСКОГО СЕКТОРА
В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**,
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS

of the International Scientific and Practical Conference
**«MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT
OF THE FINANCIAL AND BANKING SECTOR IN CONDITIONS
OF ECONOMIC UNCERTAINTY»**,
(June 10-11, 2022)



Нұр-Сұлтан/ Nur-Sultan, 2022



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК
СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»**
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ
Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ФИНАСОВО-
БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ
НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Conference
**" MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE FINANCIAL AND
BANKING SECTOR UNDER ECONOMIC UNCERTAINTY "**
(June 10-11, 2022)

Нур-Султан, 2022
Nur-Sultan, 2022

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73
Э 40

Рецензенты: Макыш С.Б., д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева
Шаяхметова К.О., д.э.н., профессор, университет Туран-Астана

Редакционная коллегия

Насырова Г.А. - заведующая кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Жоламанова М.Т. - к.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Рахимжанова К.К. - доктор PhD, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Айтказина А.А. – преподаватель, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Мисник О.В. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Керимкулова Д.Д. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ISBN 978-601-337-682-0

«Экономикалық белгісіздік жағдайында қаржы-банк секторын дамытудың қазіргі заманғы үрдістері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектер жинағы / Насырова Г.А. жалпы редакциясымен. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. - 337 с.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития финансово-банковского сектора в условиях экономической неопределенности»/ под общей ред. Насыровой Г.А. - Нур-Султан: Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022.- 337 с.

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference " Modern trends in the development of the financial and banking sector under economic uncertainty "/Under the General editorship of Nasyrova G.A.- Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 337 p.

ISBN 978-601-337-682-0

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

ескере отырып құру, ұсынылып отырған матрицаны пайдаланып әрбір проблемалық несиеге қатысты басқару стратегияларын әзірлеу ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. Нурсибалиева А.К.,Өмір А.Ж. «Екінші деңгейдегі банктердің проблемалық несиелері: ағымдық жағдайы, басқару мәселелері және оларды шешу бағыттары», Транзитная Экономика №4 (104)2015 17 бет

2. Лыкова Н.М. Развитие методов управления проблемными кредитами в коммерческом банке. Автореферат. Москва – 2013. С 14-15 [[Электрон.ресурс](http://www.dslib.net/search/(дата_обращения:21.03.2020))].[http://www.dslib.net/search/\(дата_обращения:21.03.2020\)](http://www.dslib.net/search/(дата_обращения:21.03.2020))

ӘОЖ 347.734

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ СТРЕССТІК ЖАҒДАЙЫН БАСҚАРУДЫҢ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ

Самархан Г. А.

студент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: guliya.samarkhan23@gmail.com

Ғылыми жетекші: Жағыпарова А.О.,

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

Аннотация. Макроэкономикалық, оның ішінде пандемия мен геосаяси күйзелістердің пайда болуы банк секторының қаржылық тұрақтылығын бағалаудың сапалы құралдарын қолдану қажеттілігіне ерекше мән береді. Осы бағыт шеңберінде соңғы екі жылда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қадағалау үдерісіне AQR және қадағалау стресс-тестілеуін біріктіру арқылы құралдар жиынтығын кеңейту бойынша жұмыс жүргізді.

Әлемдік тәжірибеде стресс-тестілеу тәуекелдерді басқарудың маңызды құралы болып табылады, оны банктер тәуекелдерді басқарудың ішкі тәжірибесінің бөлігі ретінде де және бүкіл банк секторының ықтимал күйзелістерге төзімділігін бағалау үшін қадағалау органдары да пайдаланады.

Түйін сөздер: банк, стресс-тестілеу, AQR, SREP, ҚНРДА.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жұмысының негізгі басымдықтары қадағалау процесінің кешенді моделін құру арқылы банк секторының ашықтығын және оған деген сенімді арттыру, банктердің қаржылық тұрақтылығын бағалау болып табылады.



Сурет 1 – Қадағалап стресс-тестілеуді өткізу кезеңдері

Ескерту: [1] дереккөзі негізінде автормен құрастырылды.

Ол үшін Агенттік SREP (Supervisory Review and Evaluation Process) әдіснамасы бойынша қадағалау процесін одан әрі жетілдіруде және активтердің сапасын бағалау (AQR) және қадағалап стресс-тестілеу негізіндегі басым бақылау құралдарын дамытуда.


Қадағалап стресс-тестілеудің негізгі мақсаты – банк секторының орнықтылығын қамтамасыз ету. Қадағалап стресс-тестілеу AQR және SREP қадағалау құралдарымен бірге банктердің ағымдағы қаржылық жағдайын ғана емес, сонымен қатар олардың болуы мүмкін сценарийлерге қаржылық орнықтылығын бағалауға мүмкіндік береді, бұл тәуекелдерді басқару үшін алдын алу шараларын қолдануға мүмкіндік береді.

Кіріспе. Қазақстанда пилоттық шараны енгізу екі кезеңде жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде 2021 жылдың бірінші жарты жылдығында қадағалап стресс-тестілеуде қолданылатын әдіснамалық басшылық, үлгілер және тәуекелдерді бағалаудың сандық модельдері әзірленді. Әдіснамалық құжаттар мен шаблондар танысу және екінші деңгейдегі банктерден кері байланыс алу үшін ұсынылды. Банктердің сұрақтарына жауап беру шеңберінде Агенттік қадағалап стресс-тестілеу өткізу процесінің негізгі тәсілдері мен егжей-тегжейін түсіндірді. Банктер үшін қосымша барлық қажетті материалдарды ұсына отырып, оқыту сессиялары өткізілді.

Екінші кезеңде, яғни 2021 жылдың маусымынан 2022 жылдың наурызына дейінгі кезеңде пилоттық режимде 4 ірі банкке қашықтан AQR және қадағалап стресс-тестілеу жүргізілді. Осы пилоттық шара шеңберінде банктермен бизнес-процестер сәтті әзірленді, жаңа әдістемелік тәсілдер бейімделді, қолданылатын құралдардың сапасы тексерілді.

2022 жылдан бастап банк жүйесінің барлық активтерінің кемінде 70%-ына иелік ететін банктер үшін жыл сайын қадағалау стресс-тестілеу жүргізілетін болады.

Біздің елімізде алғаш рет стресс-тестілеудің екі әдісі қолданылатын болады – «жоғарыдан төмен» (top-down) және «төменнен жоғары» (bottom-up).




Сурет 2 – Стресс-тестілеу әдістері

Ескерту: [1] дереккөзі негізінде автормен құрастырылды.

Стресс-тестілеу негізінен активтердегі кредиттік портфельдің елеулі үлесі бар және SREP бақылау бағалау нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдері жоғары банктерге қолданылатын болады.

Зерттеу нәтижелері: Стресс-тестілеудің бірінші бөлігі активтердің сапасын бағалауға (AQR) қатысқан Қазақстанның 14 банкінде өтті: Халық Банкі, Сбербанк, Kaspi, ForteBank, BCC, АТФ, Eurasian, Jusan Bank, Bank RBK, Alfa-Bank, Altyn Bank, Nurbank, Home Credit және ВТБ (Қазақстан) [2].



Сурет 3 – AQR құрамына кірмейтін банктер саны

Ескерту: [2] дереккөзі негізінде автормен құрастырылды.


2021 жылғы қыркүйекке қарай активтер сапасын бағалауға іске қосылмаған активтері бойынша шағын банктердің саны 13-тен (AQR рәсімі туралы хабарландыру кезінде) 8 - ге дейін қысқарды. Осы уақыт ішінде First Heartland Bank First Heartland Jusan Bank-ке қосылды, үш банк лицензиясынан айырылды, ал осы жылдың көктемінде Пәкістан Ұлттық Банкінің еншілес банкі Қазақстан нарығында 25 жыл жұмыс істегеннен кейін лицензияны тапсырды.

Бүгінгі таңда AQR периметрінен тыс қалған сегіз банктің тек екеуінің ғана қазақстандық, қалған алтауы – АҚШ, Қытай, Түркия, Корея және БАӘ еншілес банктері.

Қазақстанда жүргізілген активтердің сапасын бағалау (AQR) жүйелік деңгейде елдің банк секторының капиталдандырудың жеткілікті деңгейіне ие екенін көрсетті.

Бүгінгі күні банктер AQR нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою жұмыстарын жүзеге асыруда, алайда бұл жұмыс әлі толық көлемде аяқталған жоқ, осыған байланысты жұмыс істемейтін активтер деңгейін көрсететін (NPA) банктердің кредиттік тәуекелдерінің сандық көрсеткіштері жеткілікті түрде төмен емес.

Пилоттық стресс-тестілеу үшін Агенттік пен Ұлттық Банк базалық және стресстік сценарийлерді әзірледі, олардың шеңберінде эпидемиологиялық жағдайдың нашарлау тәуекелдері, шикізат тауарларына баға тәуекелдері, мұнай өндірудің төмендеу және климаттық жағдайлардың нашарлау тәуекелдері, жылжымайтын мүлік нарығындағы көпіршік тәуекелдері ескерілді. НСТ-ның стресті сценарийі макропараметрлердің кең жиынтығын қамтыды, оның ішінде ЖІӨ-нің жылдық мәнде -3,5% - дан 2,1% - ға дейін өзгеруін көздеді.



Сурет 4 – AQR-ге кірмеген банктердің жиынтық қаржылық көрсеткіштері, млрд теңге

Ескерту: [2] дереккөзі негізінде автормен құрастырылды

Стресс-тестілеу процесінде сценарийлер банктер мен Агенттікке соққылардың әртүрлі тәуекел түрлеріне және модельдеу процесінде қаржылық есептілік баптарына әсерін ескеруге мүмкіндік берді. Банктер агенттіктің нұсқаулары мен стресстік сценарийіне сәйкес ішкі модельдерді қолдана отырып есеп айырысуды жүзеге асырды. Банктердің стресс-тесті нәтижелерін алғаннан кейін агенттік өздерінің модельдері негізінде олардың егжей-тегжейлі талдауын жүзеге асырды. Елеулі айырмашылықтар анықталған жағдайда банктерге есептеулерді түзету және модельдерді жетілдіру бойынша егжей-тегжейлі ұсыныстар берілді. Пилоттық жоба нәтижесінде қатысушы банктер капиталының жиынтық жеткіліктілігі 2 п. п. төмендеді.

Қорытынды. Пилоттық жоба шеңберінде әзірленген және тестіленген модельдер Агенттікке ағымдағы жылдың өзінде банктердің қаржылық жағдайын түрлі сценарийлерде қадағалауға және болжауға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта Агенттік банктердің кеңейтілген тізімі бойынша AQR және стресс-тестілеу өткізуді жоспарлап отыр. Банк секторын стресс-тестілеу процестерімен және рәсімдерімен таныстыру үшін ағымдағы жылдың 2 және 3 тоқсандарында 2022 жылғы стресс-тестілеуге қатысушы банктер үшін әдіснамалық құжаттар, шаблондар және нұсқаулықтар бойынша оқыту сессиялары өткізілетін болады [3].

Қазіргі таңда Агенттік келесі бастамаларды іске асыру арқылы қадағалап стресс тестілеуінің нысаналы үлгісін енгізуді жоспарлап отыр:

1. AQR және қадағалап стресс-тестілеуді автоматтандыру;
2. Қадағалап стресс-тестілеу аясын кеңейту;

3. Қадағалап стресс-тестілеу рәсімдерін, AQR және SREP-ті байланыстыру;
4. Операциялық тәуекелді бағалау;
5. Қадағалап стресс-тестілеу нәтижелерін қолдану.

Әдебиеттер:

1. ҚР ҚНРДА: Екінші деңгейдегі банктерді қадағалап стресс-тестілеу тұжырымдамасы, 2022 ж.
2. ҚР ҰБ ресми сайты: nationalbank.kz
3. ҚР ҚНРДА 2021 жылы SREP әдіснамасы бойынша банктерді қадағалап бағалауының нәтижелері

УДК 378.014.54

РАЗВИТИЕ ФИНАНСОВО-БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕОПРЕДЕЛЁННОСТИ

Сербун П.П.

*доцент, УО «Белорусский государственный экономический университет»,
г. Минск, Республика Беларусь
E-mail: 5779941pp@gmail.com*

Аннотация. Современные тенденции развития финансово-банковского сектора определяются поступью Четвёртой промышленной революции. В этой связи, финансовая система страны должна способствовать переносу центров создания добавленной стоимости в сферу выстраивания цифровых ресурсов и сквозных цифровых процессов.

Ключевые слова: промышленная революция, цифровая эпоха, финансово-банковский сектор.

Методы исследования. Системно-структурный и функциональный анализ развития финансово-банковского сектора в условиях экономической неопределённости – развитие и становление цифровой эпохи.

Цель исследования. Определить механизм функционирования финансово-банковского сектора в современных условиях Четвёртой промышленной революции.

Введение. Размышляя о современных тенденциях развития финансово-банковского сектора в условиях экономической неопределённости, прежде всего, мы должны иметь чёткое представление об этих «условиях», в которых сегодня оказались экономики стран мира, в том числе, Республика Беларусь, безусловно - Республика Казахстан, и, соответственно, их финансово-банковский сектор на современном этапе государственного строительства. Это утверждение не вызывает никакого сомнения: всё связано с быстрым развитием цифровых технологий, особенно искусственного интеллекта (сокращённо ИИ). Такая наша уверенность имеет объективное обоснование: по данным Global Center for Digital Business Transformation, в ближайшие пять лет цифровая трансформация экономики вытеснит с рынка 40% компаний, которые сегодня занимают лидирующее положение в отраслях, если они не подвергнутся трансформации [4].

Результаты исследования. Мы уже видим - мир становится другим. Цифровая эпоха перестраивает все механизмы взаимодействия общества. Сегодня реальность такова: по миру шествует шестой технологический уклад, который начал свою поступь в 2015г., позволивший производить товары, осуществлять работы, обеспечивать услуги, созданные с заданными свойствами путём манипулирования отдельными атомами. Ядром шестого технологического уклада стали: нано электроника; молекулярная и нано фоника; нано материалы и нано структурированные покрытия; оптические наполнители; нано гетерогенные системы; нано биотехника. Ключевой фактор - нано - и биотехнологии, ИКТ. Несущие отрасли -